

алтын әшекейлер мен ыдыстар, Қызылүйік ескерткішінен сарматтық жебе ұштары, пішіні үшбұрыш келген, бір-біріне аяқтары түйісіп жатқан үш бұғының бейнесі салынған 4, балық суреті бар 1, белгісіз аң бейнеленген 2 күміс жапсырма табылған.

Көріп отырғанымыздай, сармат кезеңіне тән археологиялық ескерткіштер ежелгі тайпалардың өмір салтын, мәдениетін, шаруашылығын, дүниетанымын сипаттауда маңызды дереккөзі бола алады. Дегенмен, біз қарастырып отырған өңірде сармат дәуірі ескерткіштері айтарлықтай кешенді түрде зерттеле қойған жоқ. Қазіргі таңда шамамен 60 ғибадатханалар белгілі болғанымен, 20 шақтысына ғана археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілген. Бұл сармат дәуірі бойынша деректер қорын әлі де болса толықтыра түсуге болатынын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Скрипкин, А. С. Сарматы = The Sarmatians: монография - Волгоград : Из-во ВолГУ, 2017. - 293 с.
- 2 Ростовцев М.И. Курганные находки Оренбургской области эпохи раннего и позднего эллинизма. - Петроград: Девятая государственная типография, 1918. -103 с.
- 3 Граков Б.Н. Пережитки матриархата у сарматов // Вопросы древней истории. - 1947. - № 3. - С. 100-121.
- 4 Сальников К.В. Древнейшие памятники истории Урала. - Свердловск: Обл. гос. изд-во, 1952. - 160 с.
- 5 Смирнов К.Ф. Проблема происхождения ранних сарматов // Советская археология. - 1957. - № 3. - С. 3-19.
- 6 Кадырбаев М.К. Захоронение воинов савраматского времени на левобережье р. Илек // Прошлое Казахстана по археологическим источникам. - Алма-Ата: Наука, 1976. - С. 137-156.
- 7 Ольховский В. С., Галкин Л.Л. Культурный комплекс на Устюрте, СА. - Москва, 1990. - №4. - С. 198.
- 8 Шәйкен Ж. Ғұрыптық құрылыстар және ғибадатханалар мен ғимараттар // Алматы: Мәдениет, 2005. - №3 (12) - 6 б.

XIX Ғ. ҚАЗАҚТАРДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Жакенова А.

Ғылыми жетекші: PhD докторы, қауымдастырылған профессор Смағұлов Н.Б.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

Қарағанды қ.

Қазақ хандығындағы шаруашылықтың негізгі саласы көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы болды, сонымен қатар Жетісу өңірі мен Оңтүстік Қазақстанда отырықшы, егінші аудандар мен қолөнер, сауда және мәдениет орталығы қалалар өркендеді. Мал шаруашылығымен айналысқан қазақтар көбінесе қырлы өңірлерде қой, жылқы, түйе және сиыр өсірді, бұл төрт түлік мал деп саналды. Мал-жылдың төрт маусымында табиғи жайылымда бағылды. Мұның өзі кең байтақ өріс-қоныс болуын және шөптің шүйгіні мен судың тұнығын таңдап көшіп-қонуды керек етті. Талай ғасырлық тәжірибеден туған шаруашылық басқару тәсілі жайылымдарды маусымға сай пайдалану тәртібін қалыптастырды, төрт маусымның төрт қонысы болды. Бұлар: жазда - жайлау, қыста - қыстау, көктемде - көктеу, күзде - күзеу деп аталды. Жазғы жайлауға - бетегелі белестер, өзендер мен көлдердің алқаптары, ауасы салқын, шыбын-шіркейі аз биік таулардың қойнаулары пайдаланылды. Қыстық қыстауға ызғырық желден панаалайтын ықтасын, жылуыт, күнгейлі таулы жерлер, төбе-төбе құмды адырлар немесе малды бораннан сақтайтын тоғайлы, қамсаулы-қамысты жерлер таңдап алынды [1, 323 б.].

Көшпелі қазақ арасында балықшылықпен шұғылданушылар өте аз болды. Көбінесе өзен-көлдердің маңына қоныстанған кедейлер балықшылықпен айналысты, олардың құрал саймандары: қармақ, серу, ау, қода т.б. болды. XVIII ғасырдың бірінші ширегінде оңтүстікте қалыптасқан шаруашылық күйзелісі («Ақтабан шұбырындыға» байланысты) солтүстік-батыс және Оңтүстік Қазақстан аумағына таралды. Көшпелі топтардың ішнара отырықшылануы кейінен Орталық Азияда («құрама» үлгісіндегі кіші этникалық топтардың қалыптасуына) және әр түрлі рулардың араласуына әкеп соқты. Қазақтар шаруашылығының дамуы негізінен айырбас саудаға негізделді. XVIII ғасырдың бүкіл бойында және XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ қоғамы материалдық өндірісінің негізі,

бұрынғысынша көшпелі мал шаруашылығы болып қала берді. XVIII ғасырда дәстүрлі егіншілік пен қалалардың рөлі зор болды. Сондай-ақ көшпелі мал шаруашылығымен бірге қолөнершілік кәсіп те бірге жүрді. XVIII ғасырдың басында қазақ қалаларының саны 11-ден 32-ге жетті. XVIII ғасырдың 40-жылдарынан бастап қана қазақтар экономикасында алғашқы оңға басушылық байқалды. XVIII ғасырдың 40-70 жылдарында Түркістан қаласы Қазақ ордасының ұлы ханы Әбілмәмбетке қарады. Түркістанның төңірегінде орналасқан қалалар Әбілмәмбет пен Сәмекенің балалары арасында бөлінді, қалалардың көпшілік бөлігі Орта жүздің әйгілі сұлтаны Бараққа, ал кейіннен оның балаларына бағынды. XVIII ғасырдың бас кезінде-ақ бірқатар қазақ билеушілері Уфа және Тобыл қалаларында ірі сауда-саттық жүргізді. Тәуке хан, Қайып пен Әбілқайырдың елшілері солтүстіктегі Орыс патшалығымен дипломатиялық қызметті белсенді саудамен ұштастырып, екі ел арасында өзара сауда қатынастарын орнатумен және дамытумен айналысты.

XVIII ғасырдың аяғында әдеттен тыс жағдай қалыптасты: ол кезде бұрынғы біртұтас қазақ шаруашылығы біртіндеп экономикалық жағынан жіктеліп кете бастады. Солтүстік аудандар және ішінара Орталық Қазақстанның егіншілік аудандары, оңтүстік-батыс-Орталық Азияның, шығыс Иран мен Қытайдың рыногына, оңтүстік шығыс-Қытайдың рыногына бағдар алды. Бұл үрдістің салдары қазақ халқының ішкі әлеуметтік-саяси байланыстарының әлсіреуіне әкелді. Қазақ хандығы кезінде де Манчжур-цин, Мәуераннахрдан және орыс мемлекетінен келетін керуен саудаларының түйілісетін тораптары болды. Көшпелі қазақтарға күнделікті тұрмыс пен өндіріске қажетті астық, мақта, мата, тағы басқа қолөнер бұйымдары керек еді. Көшпелі монархалар сауда керуендері арқылы ағылып келіп жатқан шойын-темір, шұға-шәпкен, алтын-күміс асыл заттарға мүдделі болды. Қала тұрғындары мен қолөнершілер көшпелілерден мал, ет, жүн, тері және жүннен жасалған текемет, киім-кешектерді сатып алатын болды.

Егіншілер көшпелі елге астық сатып, егіске жететін көлік беріп отырды. Сауда керуендері өздерінің арбақтарынан, мерткікен, жауыр болған және ауруға шыдамайтын жарамсыз көліктерін көшпелі малышылардан толықтырып отыруға мәжбүр болды. Жаугершілік заманының талабынан туған қарулы көшпелілік өмірде ер серігі есептелетін сауыт-сайман, жау-жарақтарының бір бөлігі де айырбас арқылы қолға түсетін. Сауданың өркендеуіне байланысты ақша айналымы жарыққа шықты және дамыды [1, 328.].

Ежелден қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығының негізгі саласы ретінде көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы саналғанымен, Қазақстанның оңтүстігінде - әсіресе Сырдария өңірінде - егіншілік те біршама ерте кезден бастау алған маңызды кәсіптердің бірі болған. Бұл аймақтың қолайлы табиғи-климаттық жағдайы, топырақ құнары мен су көздерінің молдығы - егін шаруашылығының өрістеуіне басты алғышарттар жасады. Оңтүстік өлкеде жеміс-жидек пен көкөніс түрлерінің ежелден өсірілуі осы өңірдің аграрлық дәстүрлерінің тереңде жатқанын көрсетеді.

Археологиялық қазбалар мен жазба деректердің негізінде Сырдария өзенінің төменгі ағысында ежелгі отырықшылық мәдениет пен егіншілік кәсібінің дамығаны дәлелденіп отыр. Зерттеушілер бұл өңірден дәнді дақылдардың қалдықтарын, суару жүйелерінің іздерін, сондай-ақ астық сақтайтын қамбалар мен диірмен орындарын тапқан. Археологиялық ескерткіштер Сыр бойының ежелгі тұрғындары суармалы егіншілікпен айналысқанын растайды. Бұл - тек қана күнкөрістік емес, сонымен бірге аймақтың экономикалық және мәдени дамуына ықпал еткен негізгі факторлардың бірі болды. XIX ғасырдың ортасына қарай Сырдария өңірінде егіншілік кәсіби деңгейде дами бастайды. Бұл өзгеріске әсіресе Ресей империясының отарлық саясаты әсер етті. 1853 жылы Перовск (қазіргі Қызылорда) фортының салынуы, әскери бекіністердің көбеюі, жаңа әкімшілік құрылымдардың енгізілуі аймақтағы қазақтардың отырықшылыққа бет бұруына ықпал етті. Бұл кезеңде Сыр бойында егіншілік кең көлемде дамып, отырықшы тіршіліктің негізгі саласына айналды. Мысалы, 1900 жылғы деректерге сүйенсек, Сырдария облысының Шымкент уезінде 329 мыңнан астам халық тұрған, олардың иелігінде 3 миллионға жуық қой мен ешкі, 123 мың жылқы, 111 мың ірі қара және 80 мыңға жуық түйе болған. Осы мал шаруашылығымен қатар, бидай, жүгері, сұлы секілді дәнді дақылдар егілгені, сондай-ақ жер өңдеу ісінің жүйелі жолға қойыла бастағаны анық байқалады. 1894 жылғы есеп бойынша бұл өңірде жүгері өнімділігі өте жоғары деңгейде болған: 20 пұт егілген жүгеріден 200 пұт өнім алынған. Ал 1895 жылы 40 пұт егілген жүгеріден 12 мың пұт өнім жиналған. Мұндай жоғары өнімділік аймақтың егіншілікке қолайлы климаттық жағдайларын дәлелдейді. Сыр қазақтары қауын, қарбыз секілді бақша өнімдерін де өсірген. Әскери-статистикалық мәліметтерде олардың бақша дақылдарын өсірумен айналысқаны жазылған. Сонымен қатар, картоп пен көкөніс түрлері де егілген. Бұл - Сыр бойындағы шаруашылық құрылымының күрделене түскенін, тек мал шаруашылығына ғана емес, егін шаруашылығына да ден қойылғанын көрсетеді.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақтардың орыс қоныстанушыларымен және көрші отырықшы халықтармен тығыз қарым-қатынас орнатуы егіншіліктің дамуына оң әсер етті. Олар

агрономиялық әдістерді меңгере бастады, жаңа дақыл түрлерін еккен және өнімділікті арттыру жолдарын үйренді. Сонымен қатар, жұт, індет сынды табиғи апаттардың жиілеп кетуі - мал шығынын көбейтіп, көшпелілерді отырықшылыққа, оның ішінде егіншілікпен айналысуға итермеледі [2].

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ халқының дәстүрлі көшпелі өмір салты түбегейлі өзгерістерге ұшырай бастады. Көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан халық үшін отырықшылыққа көшу үдерісі оңайға соққан жоқ. Дегенмен де, бұл кезеңде тек мал өсірумен ғана шектелді деу дұрыс болмас. Археологиялық зерттеулер мен тарихи деректер Жетісу, Сырдария бойы мен Орталық Қазақстан аймақтарында егіншілік дәстүрінің ертеден бар екенін дәлелдейді. Қазақ хандығы дәуірінде бұл өңірлерде отырықшы және жартылай отырықшы егін шаруашылығы жүйелі түрде дамып отырған.

1867-1868 жылдардағы әкімшілік реформалар қазақ халқының өмір салты мен шаруашылығына түбегейлі өзгерістер әкелді. Бұл реформалардың негізгі мақсаты - қазақ даласында Ресей империясының әкімшілік-территориялық басқару жүйесін орнықтырып, империялық бақылауды нығайту болатын. Осы мақсатта қабылданған «Уақытша ереже» бойынша қазақ жері Ресей мемлекетінің меншігі ретінде жарияланып, дәстүрлі жер иелену құқығы жойылды. Реформа қазақ жерін отарлауды заңдастырып, бұл аймаққа Ресейдің ішкі губернияларынан шаруаларды жаппай көшіру ісін жолға қойды.

1867-1868 жылдардағы реформалар нәтижесінде Қазақстан территориясы үш генерал-губернаторлыққа - Орынбор, Батыс Сібір және Түркістан аймақтарына бөлінді. Бұл генерал-губернаторлықтардың әкімшілік орталықтары Орынбор, Омбы және Ташкент қалаларында орналасты. Әрбір облыс уездерге, уездер болыстарға, ал болыстар әкімшілік ауылдарға бөлініп, нақты басқару жүйесі енгізілді. Бұл құрылым арқылы патшалық әкімшілік қазақ даласына терең бойлай отырып, халықты салықтық және құқықтық қысымға ала бастады. Әр үй мен әр мал басына салық салу арқылы жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайы ауырлай түсті.

Отырықшылыққа көшу үдерісі әсіресе Ресейден келген шаруалардың көбеюімен және қазақтардың жайылымдық жерлерден біртіндеп ығыстырылуымен байланысты болды. Жайылымдық жердің қысқаруы мен мал шаруашылығының бұрынғыдай пайда әкелмеуі қазақтарды біртіндеп егіншілікпен айналысуға мәжбүр етті. Осылайша қазақ ауылдары тұрақты мекенге қоныстанып, біртіндеп отырықшы тұрмысқа бейімделе бастады. Отырықшылыққа өткен қазақтар алғашқыда дәстүрлі еңбек құралдары - соқа, тырма, айыр, орақ, кетпен секілді жабдықтарды қолданса, кейіннен орыс шаруаларымен қатар өмір сүре бастаған ауылдарда темір соқалар мен тырмалар сияқты жетілдірілген құралдар қолданысқа ене бастады. XX ғасырдың басында кейбір болыстарда ауыл шаруашылығына арналған қарапайым техникалар да пайда бола бастады. Шығыс Қазақстан, Жетісу және Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде суармалы егіншілік кеңінен дамыды. Қазақтар негізінен бидай, тары, сұлы, күріш, жүгері сынды дақылдарды ексе, оңтүстік аймақтарда темекі, қарбыз, пияз, асқабақ өсіру жолға қойылды. XIX ғасырдың соңына қарай мал азығына арналған жоңышқа егу де кең таралды. Бұл кезеңде егіншіліктің дамуы тек экономикалық қажеттілік қана емес, сонымен бірге саяси-әкімшілік қысымның нәтижесі де болды.

Жалпы алғанда, XIX ғасырдың соңына қарай қазақ даласындағы әлеуметтік-экономикалық құрылым түбегейлі өзгеріске ұшырады. Бір жағынан, бұл үдеріс қазақ халқын отырықшылыққа, бірлескен еңбекке, қоғамдық өндіріс жүйесіне бейімдей бастаса, екінші жағынан - дәстүрлі шаруашылық үлгілерінің ыдырауына, жердің тартып алынуына, ұлттық құрам мен мәдениетке сыртқы әсердің күшеюіне әкеп соқты. Дегенмен, бұл реформалардың халық үшін оң тұстары да болды. Ұлттық шекараны айқындау мәселесі күн тәртібіне шықты, оқу-ағарту ісі жанданып, сауаттылық деңгейі арта түсті. Ұлттық интеллигенция қалыптасып, өндіріс орындары мен қалалар салына бастады. Қазақ халқы біртіндеп ұжымдасып еңбек етуге дағдыланды. Алайда, бұл өзгерістердің барлығы еркін, табиғи жолмен емес, отарлық қысым мен зорлық-зомбылық нәтижесінде жүзеге асқаны белгілі. Қазақ халқы өз жерінде, өз елінде отарлық саясаттың қыспағына түсіп, көптеген қиындықтарды бастан кешірді. Соған қарамастан, ұлт рухы сынбай, заманның сынағына төтеп беріп, бүгінде егеменді ел, тәуелсіз мемлекет ретінде әлемдік қауымдастық алдында өз орнын иеленіп отыр[3].

XIX ғасырдың басына жазғы және қысқы жайылымдардың, кешіп-кону жолдарының негізгі рулық топтар арасында бөлінуінің аяқталғаны мәлім. Бірақ «Жарғы» қабылданғаннан кейін сұлтандар мен ру шонжарларының кейбір топтарының күшеюі жайылымдық-көшпелі жүйесіне елеулі өзгерістер әкелді. Қазақтардың жерлеріне приказдар, почта бекеттері, бекіністік шептер құрылысында алып қою, сондай-ақ қазақ билеушілерінің қауымдық аумақтарды тартып алуы шаруашылық құрылымында елеулі өзгерістер туғызды. Ірі қараның үлес салмағы бірте-бірте арта түскеніне қарамастан, мал санының құрамында елеулі өзгерістер болмады. Дәстүр бойынша қазақтар қадірлейтін қой мен жылқы бұрынғы күйінде қалды. «Қазақтың экономикалық тұрмысында қой мейлінше маңызды рөл атқарды.

Бұл малды орыс көпестері де, ортаазиялық көпестер де өте бағалады» деп атап өтілген XIX ғасырдың орта шенінде.

XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақтар арасында егіншілік едәуір дамыды. Қазақстанның оңтүстігінде де, солтүстік округтердің аумағында да егіншілік сұраным тарапынан болды. Кіші жүздің оңтүстік аудандары қазақтарының арық арқылы сұғарылатын дәстүрлі егіншілігін А.И. Левшин мен Я.П. Гавердовский XIX ғасырдың басында-ақ сипаттап берген. Деректемелерде егіншіліктің даму дәрежесі жөнінен оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтар ерекше болып көрсетіледі. С.Б. Броневский қазақтар шаруашылығының көптеген жақтарын сипаттай келіп, мынаны атап өту қажет деп тапқан: «Үлкен орданың Жеті өзен аңғарында, Балқаш қызыл егіншіліктен ықыластана айналысады, оларда тары, бидай және арпа өседі. Егінбекор Ташкентпен көршілес өңірлердің олардың осы кәсібіне түрткі болған». Кейбір жерлерде қазақ егіншілерінің диқандары өте жоғары өнім жинаған, мәселен, Ш. Уәлихановтың айтуынша, «қазақ-диқан еңбектор және ықдағаты болған жағдайда, ол ыстыққа қарамастан, егіннің түсімі - қырық есе деп сеніммен үміттенеді (қыруар өнім)». Зерттеуші С. Б. Броневский де өзінің бастауылары бойынша қазақ егіншілігі Орта Азиямен және Қашғариямен байланысты деп санаған. «Ташкенттіктердің ықпалына бола жүріп, қазақтар олардан диқаншылықты, өздері үшін осынша пайдалы және бейбіт кәсіпшілікті үйренбей тура алмады».

Қазақтардың XVIII-XIX ғасырлардағы шаруашылық қызметінің басқа нысандарынан, негізінен алғанда, бос уақытты өткізуге байланысты және кәсіби аң аулау ісімен, солтүстік аудандар орыс қазақтарының ықпалымен пайда болған балық аулауымен, оңтүстік аудандарда Орта Азиямен және тығыз қатынастардың нәтижесі ретінде бақша өсіруді, сондай-ақ қолөнерді атап өту керек. Қолөнердің біраз түрінің дамуы шеңберінде XVIII ғасырдың аяғы XIX ғасырдың бірінші жартысымен шектелетін. XVIII ғасырдың екінші жартысында да, қолөнер бұйымдарының түр-түрі жағынан да ерекше өзгерістер болған жоқ. Қазақтардың қолөнер кәсіпшілігі шаруашылығының табиғи сипаттын бейнелейді. Сонымен бірге Қазақстанның оңтүстігіндегі қалалық орталықтар қолөнердің көптеген түрлерінде елеулі жетістікке жетіп, өндірістік қызмет саласы ретінде қалыптасты. Тоқымашылық, ұсталық іс, зергерлік өнер және қолөнердің басқа да көптеген түрлері ішкі рыноктың қажеттігін ғана қанағаттандырып қойған жоқ, сонымен қатар сыртқы сауданың кірісті саласына айналды.

Далалықтар арасында қолөнердің дамуына келер болсақ, мұнда қазақтардың XIX ғасырдың орта шеніндегі қолөнер ісін терең зерттеген Г.В. Колпоморовтың пікіріне сілтеме жасауға болады: «Егер XVIII ғасырда қазақтарда қолөнер үйдегі өндіріс ретінде болса, XIX ғасырдың ортасына қарай кейбір қолөнердің ауыл шаруашылығынан бөлінуі жағына қарай ілгерілеушілік және қолөнердің жекелеген аудандар бойынша мамандануын орнын алады. Балташылық, ағаш шеберлігі және ұсталық істер бойынша шеберлер пайда болады, олармен қазақтардың ең кедей бөлігі ғана айналысты» [3, 192].

Қазақстанда тауар-ақша қатынастарының неғұрлым жеделдете енуіне, өнеркәсіп пен қалалардың дамуына, егіншілік пен шөп шабудың таралуына, мал шаруашылығының рынок жағдайларына мән талаптарына бейімделуіне қарай шаруашылық өзгерістер үшін алғашқы жағдайлар қалыптасты

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Есенғазы.Қ., Қазақ елінің тарихы., Алматы, 2015-323б.
2. <https://world-nan.kz/kz/blogs/traditsii-zemledeliya-u-kazakhov>.
3. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық(3 том)., “Атамұра” баспасы., Алматы, 2002-192б.
4. <https://world-nan.kz/kz/blogs/qazaqtyn-dasturli-sharuashylygynyn-otyryqshylyqqa-auysuy>

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫ

Жұманазар Қ.Қ., Жаңбыр А.А.

Ғылыми жетекшісі: PhD докторы, қауымдастырылған профессор Смағұлов Н.Б.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

Электрондық адресі: karlygashzhumanazarova@gmail.com

Қарағанды қ.

Этнология ғылымы Қазақстанның гуманитарлық ғылымдар жүйесінде ерекше орын алады. Бұл ғылым қоғам тарихын зерттеу, мәдениет пен этностың генезисін, олардың өткенін, қазіргісін және белгілі бір дәрежеде болашағын анықтау үшін қажет. Қазақстандағы этнология ғылымының дамуы - республиканың гуманитарлық білім жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылатын күрделі және көп